

"Байқоңыр" ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2011 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытындыны бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 желтоқсандағы № 1433 Қаулысы 1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2011 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды (бұдан әрі - Қорытынды) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2010 жылғы 30 желтоқсанға дейін Қорытындыны дипломатиялық арналар арқылы Ресей Тарапына жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі Мәсімов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2010 ж ы л ғ ы 28 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
№ 1433 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

«Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың 2011 жылға арналған жоспарлары бойынша қорытынды

1999 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың және зымырандарды сынақтық ұшырудың жоспарлары бойынша қорытындыны (келісуді) ұсыну және алу тәртібі туралы келісімнің 4-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Тарапы ұсынған (Ресей Федерациясы СІМ 2010 жылғы 16 қарашадағы шығ. № 13617 және/Здснг):

1) Ғарыштық орбиталарға шығарылуы зымыран-тасығыштарының бөлінетін бөлшектерінің халықаралық шарттарда көзделмеген құлау аудандарын пайдалануды талап ететін ғарыш аппараттарын ұшыруды қоспағанда, Ресейдің федералдық

ғарыштық бағдарламасы, «Ғаламдық навигациялық жүйе» федералдық нысаналы бағдарламасы, халықаралық ынтымақтастық бағдарламалары және коммерциялық жобалар шеңберінде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ғарыш аппараттарын ұшырудың 2011 жылға арналған жоспарымен, оның ішінде «КазСат-2» ғарыш аппаратын «ОС-2» ғарыш аппаратымен бірге «Протон-М» зымыран-тасығышымен 48° көлбеу ұшу т р а с с а с ы а р қ ы л ы ұ ш ы р у ;

2) Ғарыш аппараттарын «Протон-К» зымыран-тасығышымен ұшыруды қоспағанда, көрсетілген зымыран-тасығышынан бөлінетін бөлшектерде зымыран отынының жоғары уытты компоненттерінің қомақты мөлшердегі қалдықтарының болуына байланысты «Байқоңыр» ғарыш айлағынан әскери мақсаттағы ғарыш аппараттарын ұшырудың 2011 жылға арналған жоспарымен келіседі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Ресей Тарапы ұсынған (Ресей Федерациясы СІМ 2010 жылғы 16 қарашадағы шығ. № 13617 және/Здснг) РС-18 КБЗ зымырандарының ұшу трассасы Қазақстан Республикасы астанасының маңынан өтуіне байланысты «Байқоңыр» ғарыш айлағынан зымырандарды сынақтық ұшырудың 2011 жылға арналған жоспарымен келіспейді.